

Бекітемін
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері А.Жақсылықова

«Мен Отаныммен мақтанамын!»

(«Алпамыс» тобының мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиешілер: Байбақова Ж.
Утеуова М.

Таушық, 24.10.2024 жыл

Жүргізуші:- Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы. Баршаңызды 25 Қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы,
Қазақтың Шалқар даласы,
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай,
Қырманы асқар таулардай,
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі,
Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархандастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамның символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бүркіт күн талабы,
Токтамайды дүбір ән.
Мәңгі бақи шырқалады,
Республика Гимні.

1. Әнұран орындалады.

Осы кезде ортаға саяхатшы кіріп келеді.

Саяхатшы:-Саламатсыздарма? Өзі бұл қай жер? Қай қала?

2. Жүргізуші: Сәлеметсізбе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз-ау деймін.

Саяхатшы: -Мен ел аралап жүрген саяхатшымын. Ән айтқан балалардың дауысын естіп, қай елдің бақытты балалары екен деп келдім.

Жүргізуші: Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика ұлттық мереке күніне арналағн, ертеңгілік өткелі жатыр. Бізбен бірге мерекені тойлаңыз.

Саяхатшы: -Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай республика?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Саяхатшы: Президенттерің кім?

Балалар: Қасым Жомарт Тоқаев.

Саяхатшы: Қазақстан Республикасының рәміздерні білесіңдерме?

Балалар: Ашық аспандай көгілдір туымыз бар.

Мағналы ән ұранымыз бар.

Қасиетті бой тұмар елтаңбамыз бар.

Саяхатшы: Өте жақсы жарайсыңдар. Осы елдің бақытты ұл-қызы екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?

3. Жүргізуші: Біздің балалар өнерлі, олай боса балаларымыздың өнерін тамашалаңыз. «Алпамыс пен Толағай» тобының бүлдіршіндерінің тақпақтарына кезек береміз.

Ай-Дария

Мен бақытты баламын.
Айтқан тілді аламын.
Республика күнінде,
Жұлдыз болып жанамын.

Дархан.

Отаным менің Қазақстан.
Мәңгілік сенімен мақтанамын.
Саянда жүрсем әрдайым.
Күлімдеп жүріп бақ табам.

Айлин

Мен бақытты баламын,
Айтқан тілді аламын,
Республика күнінде,
Жұлдыз болып жанамын.

Еркеназ

Республика күнінде,
Ән айтамыз, билейміз,
Қайғы жұтып алаңдап,
Мұңайуды білмейміз.

Саяхатшы: Жарайсындар балалар. Өркендерің өссін, талаптарың оң болсын. Менінде қайтатын уақытым болды. Сендерге тілейтінім білімді, ақылды, елін қорғайтын азамат болындар. Жігіттер ер жүректі батыр болсын, қыздар көрікті, сұлу- сымбатты абыройлы болсын. Көріскенше сау болындар балалар!

Балалар: Сау болыңыз Саяхатшы аға.

(Саяхатшы балалармен қоштасып шығып кетеді)

4.Жүргізуші:

Желбіре туым, желбіре.
Әлемге жетсін шуағың,
Өзіңді ұстап қолыма,
Қасқайып төрде тұрамын
Алдарыңызда Толағай тобының ұл-қыздарын қарсы алыңыздар. « ту » биі

5.Жүргізуші:

Балабақша бағында,
Сайраңдаймыз жанында,
Нақ өзіндей бүлдіршін,
Көп достардың жанында,- деп біздің «**ЕР Төстік**» тобының бүлдіршіндерінің өлең-шумақтарына кезек берейік.

6.Жүргізуші:

Күлімде күн, күлімде,
Күлсін барлық бала шат,
Берекелі бүгіндей,
Бейбіт болсын болашақ.
«**ЕР Төстік**» тобындағы Айдай мен Алуаның орындауында «**Күншуақ**» әнімен қарсы алыңыздар.

7.Жүргізуші:

Жарасымды әніміз,
Домбыра, қобыз сәніміз,
Тартымды күйді түрлентер,
Ойналса егер -шаңқобыз.
«Алтын сақа» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар « **Аспаптарда ойнайық**».

8.Жүргізуші:

Сән салтанат жасайық,
Күй сандықты ашайық,
Бұл мереке, бұл тойға,
Би мен шашу шашайық
«**ЕР Төстік**» тобының бүлдіршіндерін биімен қарсы алыңыздар. «**Туған өлкем**» !

9.Жүргізуші:

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен,
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем
«Алтын Сақа» тобының жас әншілер орындауында, «**Туған жер**» әнімен қарсы алыңыздар.

10.Жүргізуші:

Халықтың ән-күй сүйегені,

Кезі жоқ одан қол үзген, Сән салтанат жасайық,

Күй сандықты ашайық,

Бұл мереке, бұл тойға,

Би мен шашу шашайық

Тартылған қазақ күйлері,

Домбыра,абыз қобызбен.

Тартылып әлі келеді- дей келе **«Ер Төстік»** тобының **«Шулы Оркестр»** бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар

11.Жүргізуші:

Ал, ойнайық балалар,

Әр асықта баға бар,

Ұта білген баланы,

Әрбір бала бағалар.-дей келе **«Алтын сақа»** тобын **Асықтар** биімен қарсы алыңыздар.

12.Жүргізуші:

Балдырғандар бүгінгі,

Еркелігін тастайды,

Республика туралы сіздерге,

Тақпақтарын бастайды- деп **«Алтын сақа»** тобының бүлдіршіндерінің өлең шумақтарына кезек береміз.

13.Жүргізуші: Ендеше ортаға мың бұрала билеген «Алтын Сақа» тобының биші қыздарын «Қамажай» биімен қарсы алыңыздар!

Қамажай биі

14. Жүргізуші: Бүгінгі меркеге орай топ бүлдіршіндеріміз ата-аналарымен бірлесіп жасаған сән үлгісіне кезек берелік. Алдымен ортаға Кіші Алпамыс тобының бүлдіршіндері **Абылқызы Ақтілек, Лыйас Дархан, Қолғанатұлы Ерсін, Қосай Айсұлтан, Сырлыбай Ерхан, Асхатқызы Асылым, Дінмұхаммед Арман,Дәулетбекұлы Дәурен, Бердібек Елдес.** **Ер Төстік тобынан: Қосай Аянат,Ғабит Айару, Орысбай Қарақат, Бисенғазы Нұрайым, Таңатар Айзере.**

Қол өнерін дайындап келген бүлдіршіндеріміз бар екен, Сағындық Бекнұр, Жақсыбекова Томирис.

Алтын Сақа тобы: Сырлыбай Жұлдызай, Орысбай Шапағат, Таңатар Әбілмансур, тілеген айжұлдыз, Сағындық Әлинұр, Қонайұлы Әлихан.

Сән үлгісі: Лыйас Нұрхан, Райымбекқызы Аянат.

Марапаттау.

Жүргізуші:

Жарқырап жанған күндей азаттығы,

Көрінер ұлтымның да ғажаптығы,

Республика күнімен құттықтаймын,

Өйткені ол -Ұлт күні, Қазақ үні.

Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүние жүзіне бейбітшілік, ашық аспан,заманымыз тыныш болсын. Сауболыңыздар.

